ISSN (online) 2959-5657
ISSN (print) 2959-5649

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**
**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**
**Abai Kazakh National Pedagogical University**

# ХАБАРШЫ
# ВЕСТНИК

**«Филология ғылымдары» сериясы**
**Серия «Филологические науки»**
**Series «Philological sciences»**
**№ 3 (89), 2024**

**Алматы, 2024**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**
**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**
**Abai Kazakh National Pedagogical University**

# ХАБАРШЫ
# ВЕСТНИК

**«Филология ғылымдары» сериясы**
**Серия «Филологические науки»**
**Series «Philological sciences»**
**№ 3 (89), 2024**

**Алматы, 2024**

**Абай атындағы**
**Қазақ ұлттық педагогикалық**
**университеті**

**ХАБАРШЫ**
**«Филология ғылымдары» сериясы**
**№3 (89), 2024 ж.**

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

**Бас редактор:**
*филол.г.д., проф.* **Абишева С.Д.**

**Бас редактордың орынбасары:**
*филол. г.д., проф.* **Есенова К.У.**
**Ғылыми редактор:**
*PhD, қауымд. проф. м.а.*
**Сабирова Д.А.**

**Редакциялық алқа:**
*филол. г. к., қауымд. проф.*
**Жиренов С.А.**
*филол. г. к., қауымд. проф.*
**Сатемирова Д.А.**
*филол.г.д., проф., Әл-Фараби ат. ҚазҰУ*
**Джолдасбекова Б.У.**
*пед.г.д., проф., әл-Фараби ат. ҚазҰУ*
**Салханова Ж.Х.**
*филол.г.д., проф., ҚазҰҚызПУ*
**Киынова Ж.К.**
*PhD, қауымд. проф.м.а., Т. Жүргенов ат. Қазақ ұлттық өнер академиясы*
**Жалалова А.М.**
*филол.г.д., доцент, Таулы Алтай мемлекеттік университеті*
**Алексеев П.В.** (Ресей)
*филол. г.д., проф., Ресей халықтар достығы университеті*
**Бахтикереева У.М.** (Ресей)
*филол.г.д., проф., Варминь-Мазур университеті*
**Киклевич А.К.** (Польша)
*PhD, проф., Джордж Вашингтон университеті* **Роллберг П.** (АҚШ)
*PhD, проф., Орталық Ланкашир университеті*
**Табачникова О.М.** (Ұлыбритания)

**Жауапты хатшы:**
*PhD, қауымд.проф. м.а.*
**Серикова С.К.**

**Техникалық хатшы:**
*филол.г.к., қауымд. проф.* **Османова З.Ж.**

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2024
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10109-Ж
Басуға 30.09.2024 қол қойылды.
Пішімі 60х84 1/8. Көлемі 15,8 е.б.т.
Тапсырыс 28 .

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

## МАЗМҰНЫ
## СОДЕРЖАНИЕ
## CONTENT

### ТІЛ БІЛІМІ
### ЛИНГВИСТИКА
### LINGUISTICS

**Уланович О.И.** Визуально-образная выразительность в современной эстетизированной медиариторике …………………......... 5
**Уланович О.И.** Заманауи эстетикаланған медиариторикадағы визуалды-бейнелі экспрессивтілік
**Ulanovich A.** Visual-imagery expressiveness in modern aestheticized media rhetoric

**Цуй Ц., Жумагулова Б.С.** Семантическое пространство сказок о ленивом человеке: аксиологический аспект…………………...... 19
**Цуй Ц., Жумагулова Б.С.** Жалқау адам туралы ертегілердің семантикалық кеңістігі: аксиологиялық аспект
**Cui C., Zhumagulova B.** The semantic space of tales about a lazy man: the axiological aspect

### ӘДЕБИЕТТАНУ
### ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
### LITERARY STUDIES

**Ақыш Н.Б., Мурсал А.** «Қылмыс» романының тарихи- әлеуметтік және дискурстық сипаты....................................................... 29
**Акиш Н.Б., Мурсал А.** Историко-социальный и дискурсивный характер романа «Преступление»
**Akish N., Mursal A.** Historical, Social and discursive character of the novel “Crime”

**Almazuly D., Ospanov Y.** The current state and prospects for the development of literature…………..............................................…… 36
**Алмазұлы Д., Оспанов Е.** Әдебиеттің қазіргі жағдайы мен даму болашағы
**Алмазұлы Д., Оспанов Е.** Современное состояние и перспективы развития литературы

**Zhanabaev K., Akberdikyzy U.** Formal and stylistic components of M.O. Auezov's epic novel "The Path of Abai".................................... 43
**Жанабаев К., Ақбердіқызы У.** М.О. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының формалды-стильдік компоненттері
**Жанабаев К., Ақбердіқызы У.** Формально-стилистические компоненты эпопеи М.О. Ауэзова «Путь Абая»

**Серикова Л.А.** Парадигма «свой – чужой – другой»: теория и практика……………………....……............................................... 51
**Серикова Л.А.** «Өзіндік – жат – басқа» парадигмасы: теория және практика
**Serikova L.A.** The paradigm “friend - foe - other”: theory and practice

**Ханинова Р.М.** Диалог культур: калмыцко-казахские литературные связи. Михаил Хонинов – Сырбай Мауленов……............ 58

**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**

**ВЕСТНИК**
**Серия «Филологические науки»**
**№3 (89), 2024 г.**

**Периодичность – 4 номера в год.**
**Выходит с 2000 года.**

**Главный редактор**
*д.филол.н., проф.* **Абишева С.Д.**

**Зам. гл. редактора**
*д.филол.н., проф.* **Есенова К.У.**
**Научный редактор**
*PhD, и.о.ассоц.проф.* **Сабирова Д.А.**

**Редакционная коллегия:**
*к.филол.н., ассоц. проф.*
**Жиренов С.А.**
*к.филол.н., ассоц. проф.*
**Сатемирова Д.А.**
*д.филол.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби*
**Джолдасбекова Б.У.**
*д.пед.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби*
**Салханова Ж.Х.**
*д.филол.н., проф., КазНацЖенПУ*
**Киынова Ж.К.**
*PhD, и.о.ассоц.проф. КазНАИ имени Т.Жургенова* **Жалалова А.М.**
*д.фил.н., доцент, Горно-Алтайский государственный университет*
**Алексеев П.В.** (Россия)
*д.филол.н., проф., РУДН*
**Бахтикереева У.М.** (Россия)
*д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский университет*
**Киклевич А.К.** (Польша)
*PhD, проф., Университет Джорджа Вашингтона* **Роллберг П.** (США)
*PhD, проф., Университет Центрального Ланкашира*
**Табачникова О.М.**
(Великобритания)

**Ответственный секретарь:**
*PhD, и.о.ассоц.проф.* **Серикова С.К.**

**Технический секретарь:**
*к.филол.н., ассоц. проф.*
**Османова З.Ж.**

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2024

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж
Подписано в печать 30.09.2024.
Формат 60x84 1/8. Объем 15,8 уч-изд.л.
Заказ 28 .

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая
Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического университета имени Абая

**Ханинова Р.М.** Мәдениеттер диалогы: қалмақ-қазақ әдеби қатынасы. Михаил Хонинов – Сырбай Мәуленов
**Khaninova P.** Dialogue of cultures: Kalmyk-Kazakh literary connections. Mikhail Khoninov – Syrbai Maulenov

## ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ
## ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ
## PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

**Абдримова Э.Н.** К вопросу аутентичности как лингвометодической категории........................................................................... 66
**Абдримова Э.Н.** Лингвометодикалық категория ретіндегі аутентиялық мәселе туралы
**Abdrimova E.N.** To the question of authenticity as a linguo-methodological category

**Karimova Z.** The place of the detective story in the modern literary process and the study of works of the detective genre at school…………………........................................……….....……. 74
**Каримова Ж.** Қазіргі заманғы әдеби үдерістегі детективтің орны және детектив жанрындағы шығармаларды мектепте оқу мәселесі.
**Каримова Ж.** Место детектива в современном литературном процессе и изучение произведений детективного жанра в школе

**Кноль М.В., Шалбаева Д.Х., Тынбаева Г.С.** Применение искусственного интеллекта при обучении иностранному языку…... 82
**Кноль М.В., Шалбаева Д.Х., Тынбаева Г.С.** Шет тілін оқытуда жасанды интеллектті қолдану
**Knol M., Shalbayeva D., Tynbayeva G.** Application of artificial intelligence in teaching a foreign language

**Larionova I.Yu., Kapysheva G.K.** Implementing the goals of teaching a foreign language to students with disabilities in the process of developing social competency in the context of inclusive education in higher education institutions…………………........……………… 90
**Ларионова И.Ю., Капышева Г.Қ.** Мүмкіндігі шектеулі студенттерді ЖОО-да инклюзивті білім беру жағдайында олардың әлеуметтік құзыреттілігін дамыту процесінде шет тілін оқыту мақсаттарын іске асыру.
**Ларионова И.Ю., Капышева Г.Қ.** Реализация целей обучения иностранному языку студентов с ограниченными возможностями в процессе развития у них социальной компетенции в условиях инклюзивного образования в вузе

**Нұржанқызы А.** Мектептегі қазақ әдебиеті сабағы арқылы гендерлік әлеуметтендіру..................................................................... 97
**Нуржанкызы А.** Гендерная социализация посредством уроков казахской литературы в школе
**Nurzhankyzy A.** Gender socialization through Kazakh literature lessons at school

**Пономаренко М.** Развитие и оценка функциональной грамотности школьников на основе международных исследований........ 104
**Пономаренко М.** Халықаралық зерттеулер негізінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту және бағалау

**Abai Kazakh National Pedagogical University BULLETIN**

**Editor-in-Chief**
*Doctor of Philological Sciences, Professor* **Abisheva S.**

**Deputy Editor-in-Chief**
*Doctor of Philological Sciences, Professor* **Essenova K.**

**Scientific Editor**
*PhD, Associate Professor* **Sabirova D.**

**Editorial board**
*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor* **Zhirenov S.**
*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor* **Satemirova D.**
*Doctor of Philological Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University* **Dzholdasbekova B.**
*Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University* **Salkhanova Zh.**
*Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University* **Kiynova Zh.**
*PhD, Associate Professor, T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts* **Zhalalova A.**
*Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, Gorno-Altaysk State University* **Alekseyev P.** (Russia)
*Doctor of Philological Sciences, Professor, RUDN* **Bakhtikireeva U.** (Russia)
*Doctor of Philological Sciences, Professor, University of Warmia and Mazury* **Kiklewicz A.** (Poland)
*PhD, Professor, George Washington University* **Rollberg P.** (USA)
*PhD, Professor, University of Central Lancashire* **Tabachnikova O.** (The United Kingdom)

**Executive Secretary**
*PhD, Associate professor* **Serikova S.**

**Technical Secretary**
*Candidate of Philological Sciences, Associate professor* **Osmanova Z.**

©Abai Kazakh National Pedagogical University, 2024

Registered in the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan

8 May 2009 No10109-Zh/Ж
Signed in print 30.09.2024.
Format 60x84 1/8. Volume 15,8 teaching and publishing lists.
Order 28.

050010, Almaty, Dostyk Avenue 13, Abai KazNPU

Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh National Pedagogical University

**Ponomarenko M.** Development and assessment of functional literacy of schoolchildren based on international research

**Sylam D**., **Akhmetbek G., Beili T**. Discussing the issues of building a system of training local Chinese language teachers in Kazakhstan... 111
**Сылам Д., Ахметбек Г., Бэйли Ц.** Қазақстандағы жергілікті қытай мұғалімдерін даярлау жүйесінің құрылысын талқылау
**Сылам Д., Ахметбек Г., Бэйли Ц.** Обсуждение вопросов формирования системы подготовки местных преподавателей китайского языка в Казахстане

**БІЗДІҢ АВТОРЛАР**........................................................................ 121
**НАШИ АВТОРЫ**
**OUR AUTHORS**

# ӘДЕБИЕТТАНУ
# ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
# LITERARY STUDIES

**FTAMP 17.07.41** 10.51889/2959-5657.2024.89.3.003

*Ақыш Н.*[1]*, Мурсал А.*[2*]
[1] *М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты*
[2] *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*
*Алматы, Қазақстан*
**e-mail: aigerimmursal@mail.ru*

## «ҚЫЛМЫС» РОМАНЫНЫҢ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ДИСКУРСТЫҚ СИПАТЫ

*Аңдатпа*

Мақалада Қытай Халық Республикасындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Қажығұмар Шабданұлының «Қылмыс» романына талдау жасалған. Бұл зерттеу жұмысында аталған еңбектің негізгі кейіпкерлері, олардың ішкі ойлары мен сыртқы ортаның байланысы туралы дискурстық тұрғыдан жан-жақты сипатталады. Негізгі фабула көркем уақыт пен көркем кеңістік ұғымына сәйкес оқиғалар болып жатқан дәуірдің шындығынан шығатыны айтылған. Жазушының көркем туындысы психологиялық зерттеудің сан түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану арқылы көркемдегіш құралдарды үйлестіре білгендігі анықталады. Бұдан бөлек, өмір шындығы мен шығармада суреттелген уақыт пен кеңістіктегі саяси және әлеуметтік қақтығыстарды көркем деңгейде бере білген жазушының шеберлігі де талдау нысанына алынады.

Сондай-ақ Қ. Шабданұлының алтытомдық «Қылмыс» романының көркемдік-идеялық ерекшеліктерін зерттеп, бүгінгі күн тұрғысынан саралау да ғылыми мақаланың негізгі мақсаты етіп алынған. Әлі күнге кең ауқымды зерттелмеген бұл романды қазіргі әдебиеттану және мәтінтану ғылымындағы соңғы тенденция дискурстық негізде талдау көзделеді. Әлемдік және отандық ғалымдардың осы терминге байланысты пікірлері мен тұжырымдарына шолу жасалады. Жазушы қолданысындағы транзакциялық және экспозициялық дискурс түрлеріне, баяндау жүйесіне мән беріледі.

**Түйін сөздер:** роман, көркем мәтін, дискурс, автор, кейіпкер, Қажықұмар Шабданұлы

*Акиш Н.*[1]*, Мурсал А.*[2*]
[1]*Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова*
[2]*Казахский национальный педагогический университет имени Абая*
*Алматы, Казахстан*
**e-mail: aigerimmursal@mail.ru*

## ИСТОРИКО-СОЦИАЛЬНЫЙ И ДИСКУРСИВНЫЙ ХАРАКТЕР РОМАНА «ПРЕСТУПЛЕНИЕ»

*Аннотация*

В статье проведен анализ романа «Преступление» Кажыкумара Шабданулы, одного из видных представителей казахской литературы в Китайской Народной Республике. В данной исследовательской работе подробно описаны в дискурсивном смысле основные герои романа, их мысли и взаимосвязь с внешней средой. Основная фабула исходит из реальности эпохи, в которой события происходят в соответствии с понятием художественного времени и

художественного пространства. Художественное произведение писателя определяется тем, что он умел сочетать выразительные художественные средства с помощью различных методов и приемов психологического исследования. Анализируется и мастерство писателя, который сумел на художественном уровне передать реальность жизни: в произведении изображены и политические, и социальные конфликты времени.

Также основная цель научной статьи – изучить художественно-идеологические особенности шеститомного романа К. Шабданулы «Преступление» и дифференцировать его с точки зрения сегодняшнего дня. В то же время этот роман, еще глубоко не изученный, будет проанализирован на основе дискурса, новейшего направления современной литературы и текстологии. Проведен обзор мнений и выводов мировых и отечественных ученых по отношению к этому термину. Акцент делается на типах транзакционного и экспазиционного дискурса, используемых писателем, и системе повествования.

**Ключевые слова:** роман, художественный текст, дискурс, автор, герой, Кажыкумар Шабданулы.

*Akish N.[1], Mursal A.[2*]*
*[1]Institute of Literature and Art named after M.O. Auezova*
*[2]Abai Kazakh National Pedagogical University*
*Almaty, Kazakhstan*
**e-mail: aigerimmursal@mail.ru*

## HISTORICAL, SOCIAL AND DISCURSIVE CHARACTER OF THE NOVEL "CRIME"

*Abstract*

The article analyzes the novel "Crime" by Kazhykumar Shabdanovich, one of the prominent representatives of Kazakh literature in the People's Republic of China. This research paper details in a discursive sense the main characters of this work, their inner thoughts and the interrelationship of the external environment. In the paper, the main fabula comes from the reality of the era, in which the events take place following the concept of artistic time and artistic space. The writer's artistic work is determined by the fact that he was able to combine artistic means through various methods and techniques of psychological research. In addition, the the writer's skill is analyzed, who was able to convey on an artistic level the reality of life and the political and social conflicts of time and space depicted in the work. Also, the main goal of the scientific article is to study the artistic and ideological features of K. Shabdanuly's six-volume novel "Crime" and differentiate it from the perspective of today.

The main scientific goal of the article is to study the artistic and ideological features of the six-volume novel by K.Shabdanuly's novel "Crime" and differentiate it from the perspective of today. At the same time, this novel, which has not yet received widespread study, will be analyzed based on discourse, the latest trend in modern literature and textual criticism. The opinions and conclusions of world and domestic scientists related to this term are considered. Emphasis is placed on the types of transactional and expository discourse used by the writer and the narrative system.

**Keywords:** novel, artistic text, discourse, author, hero, Kazhykumar Shabdanuly.

**Кіріспе.** Қажығұмар Шабданұлының «Қылмыс» атты атақты романы алты кітаптан тұратыны белгілі. Қазақ әдебиетінің тарихында мұндай көлемді прозалық туынды болмағаны әдебиет шежіресінен жақсы мәлім. Көркем ойымызды шырқау биікке көтерген М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы төрттомдық болса, Х. Есенжановтың «Ақжайық» деген романы үш томнан тұратын. Одан кейін жазылған «Ағайынды Жүнісовтер» осы трилогияның жалғасы ретінде танылып, барлығы бес кітап деп айтылатын.

Дүниежүзі әдебиетінде мұндай томдықтар сирек жазылатындықтан да, олардың көлеміне байланысты арнайы атаулар қолданыла бермейді екен. Ғаламтор мен басқа да қолға түскен

әдебиеттерді ақтармалап қараған кезде, бірінші жақтан жазылған алтытомдық шығарманың болмысына қатысты арнайы термин кездеспеді. Питер Диксон: «Бірінші жақтан баяндау – балалық шаққа шегініс жасау мен адами сезімдерді жүйелі жеткізуге көмектеседі» деп тұжырымдайды [1, 22-б.]. Біз талдау нысанына алған осынау көлемді эпопеядан көрінетін негізгі баяндаушы-нарратор – бас кейіпкердің өзі. Яғни, бұл көркем шығарма тұтастай дерлік бірінші жақтан баяндалады. Бірақ автор-нарратордың шығарманың кей сәттерінде баяндаудың өзге формаларына да иек артып отыратынын айта кеткеніміз жөн.

«Қылмыс» романында баяндаудың сан түрі оқиғалар желісінің динамикасына сәйкес бірбірін алмастырып, оқырманды жалықтырмайтындай шеберлікпен қолданылған. Автор оқиғаларды жеткізуде құрғақ баяндаудан мейлінше алшақ болып, олардың экспрессивті-эмоционалды бояуын қалыңдата суреттейді. Көркемдік желісін кейіпкердің ішкі жай-күйінен, ішкі арпалыстарынан хабардар ететін психологизммен әрлей түседі.

Ғалым З. Фрейд: «Біздің барша біліміміз санамен байланысты. Тіпті ырықсыздықтың өзін біз оны саналылыққа айналдыру арқылы топшылай аламыз» [2, 144-б.] дейді. Әдетте өмірбаяндық шығармаларда баланың көзқарасы біртіндеп қалыптасатыны, өмір суреттері мен түрлі құбылыстардың сана-сезімнің динамикалық өсуіне әсер ететіні, үлкейген кезде сол сана-сезімнің біртіндеп басқаша сипатқа ие бола бастайтыны, кейде тіпті алғашқысынан басқаша болып, өзгеріске түсетіні мәлім. Яғни, өмірдің түрлі кедергілерінен кейін немесе қуаныштарынан соң жас кейіпкер жаңаша қорытындылар жасауға мәжбүр болады, еріксіз өзгеріске түсіп, жаңаша бір сипаттарды иеленуі адамның өскен ортасына, тарихи-әлеуметтік жағдаяттарға тікелей байланысты.

Бірінші кітабының оқиғалары Биғабіл (Биғабыл) бала кезінен бастап, студенттік жылдарына дейінгі аралыққа созылған. Кітаптың бірінші бетінен бастап-ақ бас кейіпкердің балалық шақтан көрген өмір қиындықтары бірінші жақтан баяндала бастайды. Ал шығарманың көркем уақыты мен көркем кеңісітігін барлай отырып, бұл айтылған кейіпкердің автордың өзі деп пайымдауға оқырманның толық құқығы бар.

Осы арада ескерте кететін бір жағдай – бас кейіпкердің есімі алты томда да біресе Биғабіл, енді бірде Биғабыл болып екі түрлі жазылып жүр. Кітаптың ыңғайына қарай талдау барысында осы екі есімнің қатар жүріп қалуы да сол әртүрлі жазылудың салдарынан. Жалпы шығарманың бірінші кітабының оқиғалары Биғабіл (Биғабыл) бала кезінен бастап, студенттік жылдарына дейінгі аралыққа созылған. Кітаптың соңында кейіпкер әлі жиырмаға жете қоймаса да, сана-сезімі өсіп, ерте есейген, қалыптасқан бозбала. Оның санасын, өмірге деген көзқарастары ерте есейткен – динамикалы түрде бастан кешкен оқиғалары мен түрлі ауыртпашылықтары. Жас баланың бойынан ересек адамға лайықты болмыс-бітімнің қалыптасқандығын, шығармадағы кей эпизодтарда көрініс тауып отыруынан анық байқалды.

***Әдістеме.*** Зерттеу жұмысының материалы ретінде Қ. Шабданұлының алтытомдық «Қылмыс» романы және отандық, шетелдік ғалымдардың зерттеулері негізге алынды. Сонымен қатар дискурс мәселесін қарастырғанда, зерттеумізге негіз болатын еңбектерді ғана пайдаландық.

Мақаланы жазу барысында зерттеу әдістері ретінде ғылыми және әдеби талдау жүргізілді, сонымен қатар түпнұсқаларға негізделген жүйелеу, салыстырмалы-салғастырмалы саралау тәсілдері қолданылды. Жасалған тұжырымдамалар мен қорытындылар нақты дәйектермен негізделіп, мысалдармен көрсетілді.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Көркем мәтінді талдауда негізге алып отырған дискурс ұғымы жайлы қазақ ғалымдары осы күнге дейін көптеген зерттеулер жүргізді. Атап айтар болсақ, Ж. Сүлейменова, Г. Бүркітбаева, Д. Бейсенбекова, Б. Қалиұлы, К. Садирова, Б. Саденова және т.б. ғалымдар. Н. Назарбаев шығармаларын нарративтік және дискурыстық тұрғыда қарастырған әдебиет зерттеушісі Е. Хуатбекұлы бұл ұғымға «Тілдік коммуникация түрі. Кең шеңберде, дискурс уақыттың мәдени тілдік контексті. Оған рухани-идеологиялық мұра,

көзқарас, дүниетаным кіреді. Тар мағынада, дискурс деп қандай да болмасын мағыналы, құнды іс-әрекеттің (актінің) нақты тілдік шындығын айтады», – деп анықтама береді [3].

Бұл тақырып шетелдік ғалымдардың тарапынан көптеп зерттелді. Бастапқыда «дискурс» ұғымы лингвистикалық тұрғыда ғана зерттеліп келді. Уақыт өте келе бұл ұғымның қолданылу аясы кеңіп, «тіл және дискурс» деп қарастырыла бастады. Бельгиялық лингвист Э. Бюиссенс осы тақырыпқа қатысты өткен ғасырдың қырқыншы жылдарынан бастап-ақ көптеген зерттеулер жүргізіп, нәтижелер көрсетті [4].

Кейін келе бұл ұғымның мәтін ішіндегі рөлі жайлы зерттеулер пайда бола бастады. Мәселен, ғалым Кресс мәтіннің құрылымындағы көрінісі жайлы мынадай тұжырым жасады: «Дискурс мәтіннің құрылымында пайда болып, түрленіп отырады. Қайсы бір мәтін болмасын оның ішінде бірнеше дискурсты кездестіре аламыз. Кейде бір мәтіннің ішінде бірнеше бірбіріне мағынасы жағынан қарама-қайшы дискурстар қолданыс табуы мүмкін,» – деп тұжырым жасайды [5, 27-б.]. Яғни, ғалымның тұжырымына иек артсақ, мәтін өз құрылымын өзгертпей сақтайды да, дискурс мәтін ішінде жағдайға қарай түрленіп отырады.

Ал ғалым Д. Грейбердің пікіріне сүйенсек, ол дискурсты саяси мәтіндер, БАҚ бетіндегі ақпараттар мен материалдар негізінде тұжырымдар жасайды [6, 301-б.]. Ғалым Р. Жослин де дискурсты осы негізде жіктеп көрсетеді [7, 195-б.].

Ал мәтіндегі (оның ішінде поэтикалық мәтіндер) «дискурс» ұғымына байланысты Француз мектебінің өкілдері Ж. Куртин мен М. Фуконың дискурсқа қатысты пікірлері маңызын жоймай келеді. Ж. Куртин: «Формула бойынша тарихи жадтың қайнар көздері дискурстық кеңістікке түскенде пішіні өзгерістерге ұшырайды» [8, 99-б.]. Ал М. Фуко бұған дейін «дискурс бұл «бұрын айтылған» және «ешқашан айтылмайтын» синтез» [9, 27-б.] деген пікір білдірген. Яғни, ғалымдардың осы айтылған пікірлерін негізге алсақ, дискурс мәтіннің алғашқы формасына дискурс ене отырып, оның әлеуметтік және тарихи мәнін өзгертіп, оған қосымша мән үстеп отырады. Қ. Шабданұлының «Қылмыс» романын талдауда осы мәтінге қатысты тұжырымдарды басты негізге алдық.

«Қылмыс» романының бірінші кітабында бала кейіпкердің көзқарасының қалыптасу, өсу динамикасының дамуы шапшаң. Бұл үдеріс ол мектеп жасына жетпей тұрып-ақ түрлі эпизодтар арқылы жүзеге аса бастайды. Жалпы кейіпкердің адам ретіндегі көзқарасының өсу жолы жедел. Бұл арада мінез-құлық, көзқарас эволюциясының қалыптасуы динамикалық үрдіске ие. Кейіпкер баланың санасын тез есейтіп, жан дүниесін толқытып отыратын факторлар – жастай көрген әділетсіздік пен пенделік, түрлі қиянаттар, айналадағы адамдардың, әсіресе баланың ата-анасының басынан кешкен зорлық-зомбылықтары, айқын жасалған нақақтан-нақақ біреулердің қорлық көрсетуі және т.б.

Бастапқы бөлімінде баланың, яғни бас кейіпкері Биғабілдің (біреулер осы жылдары оны «Қауқар» деп те атайды) әке-шешесінің қалай қалыптасып, қалай үйленгені олардың көрген жәбір-жапалары баяндалады. Осы тұстарда автор өзі айтып отырған оқиғаларды үшінші жақтан суреттеуге мәжбүр. «*Ал, оның Айсапа, Нұрсапа дейтін інілері әкесі өлісімен-ақ қылмысқа кіріптар болыпты. Жылауық болып алыпты. Қасіреттен өлгелі жүрген шешенің құлағын ыңғырулап, миын шұқып жегендей күндіз-түні бебеулеп кеп отырады екен*» [10, 12-б.].

Дискурс – бұл экстралингвистикалық-прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және басқа да факторлармен байланыстыратын жиынтық мағыналы мәтін. Ол кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасына қатысатын компонент ретінде және олардың санасының (когнитивтік үдерістер) компоненті ретінде қарастырылатын сөйлеу тілі [11, 311-б.]. Автор адам психологиясының өсуі, өзгеруі тікелей қоғамдық ортаға байланысты екенін нақты персонаждардың бір-бірімен қарым-қатынасы арқылы бейнелеп жеткізеді. Ғалым Б. Майтановтың зерттеуінше: «Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық, шығармашылық феномен – психологизм» [12, 4-б.].

Бірінші кітапта осы тұрғыда назар аудартын кейіпкерлердің бірі – Ынтықбай. Бастапқыда сабақтастарының арасында кикілжіңге негіз болып, өзінің тентектігі мен есерсоқтығының салдарынан жібі түзу жағымды кейіпкерлерге ұрынып жүретін бұл баланың санасы біртіндеп өзгеріске түсе бастайды. Бас кейіпкер Биғабыл екеуінің арасы да ит пен мысықтай дүрдараздыққа ұласқан болатын. Келе-келе бұлардың қоғамға деген көзқарастарының үйлесуі, соның нәтижесінде татуласуы екеуінің өзара түсінісуіне, бір бағытта жұмыс істеуіне алып келеді.

Сөйтіп, оқырманның бұл екеуі бір-бірімен бітіспес дұшпандыққа ұласар деп күтетін үміті жүзеге аспай қалады. Тіпті бұл екеуінің бірінсіз-бірі тұра алмайтын, бір-бірін қолдап жүретін ынтамақтастығы сенімсіз деңгейде сияқты көрінгенімен, жақындасуына негіз болған – ағымдағы саяси жағдайлар. Мінез-құлықтарының, жекеленген көзқарастарының айырмашылықтарына қарамастан, екеуін біріктіретін – өз ұлтына, халқына деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім. Кітаптың соңына қарай Ынтықбайдың кәдімгідей саяси жағынан шынығып, көптеген жағымды істерге мұрындық болып жүргенін байқаймыз. Бұның өзі – адам жанының эволюциясы тарихи-саяси жағдайларға тікелей қатысты екендігін дәлелдейтін факторлар.

Алты томнан тұратын аса көлемді туындыдағы кейіпкерлер санының өлшеулі болуы мүмкін емес. Осыншама мол кейіпкерлердің баршасын қамту, олардың характерлеріне, мінез-құлықтарына, әлеуметтік ұстанымдары мен саяси көзқарастарына талдау жасау шағын мақалада мүмкін де емес. Сондықтан кейбір негізгілерінің ғана аттарын атай отырып, адам экологиясына қатысты мәселелер саяси оқиғалардың фонында жүретіндерін ғана атап айтқанымыз жөн деп білеміз. Адам табиғаты мен бастапқы ұстанымдарының динамикалық тұрғыдан шапшаң өзгеруін көрсететін кейіпкерлер де жоқ емес. Олардың ішінен бірінші кітапта Кеңес өкіметі орнағаннан кейін коммунистікке өтіп алып, елге қысым көрсететін кейіпкерлердің қатарында айтылатын Санатпай мен Ақтай бейнелерін еске алсақ та жеткілікті. Бұлар – қазақ әдебиетінде бұрыннан кездесетін шаш ал десе, бас алатын кәдімгі көксоққан коммунистер. Үкіметтің тапсырмасын артығымен орындау үшін тыраштанып, өзінің ағайын-туғандарына, жерлестеріне қысым көрсететін нағыз қаны сұйық белсенділер.

Ғалым М. Базарбаевтың: «Қайсыбір көркем шығарма болса да, оның түпкі мақсаты, идеясы адамдардың қимылы, мінез-құлқы арқылы шешілмек», – деген пікірін ескерсек, осындай ішкі тартыстар ағымы шығарманың уақиғасын ірі қақтығыстарға бастайды [13, 195-б.]. Міне, осындай аралас-құралас адамдардың бір-біріне жау боп шығуы, ол да сол аласапыран кезде орын алатын өмірдің ащы шындығы екендігі сөзсіз.

Жас бозбаланың, яғни, Биғабылдың Нұрия деген бойжеткенге ықыласы ауып, ақырында ол ықыластың ғашықтық сезімге ұласуы да нанымды. Бастапқыда нәзік, көп нәрседен хабары жоқ жас қыздың біртіндеп патриоттық сезімінің оянуы, сөйтіп түрлі саяси әрекеттердің шет жағынан көрініс табуы да сананың өсуінің әсерінен. Ең ақырында Биғабыл жанындай жақсы көретін бұл бойжеткен бір болмашы істен ұсталып қалады да, тұтқынға түседі. Осы әңгіменің соңына қарай оқырманды дір еткізетін – бойжеткен Нұрия мен оның әкесі қаза болды деген суық хабар. Осы арада жас қыздың өсіп, санасының ұлғаюын, қоғамдық іске араласуын, өз халқына деген жанашырлығының әсерінен өктем күшке, империалистік ханзу өкіметінің тегеуріне қарсы тұруын сол жылдардағы өмір шындығы деп білу керек. Бұл арада біз адам эволюциясының өсуі, дамуы туралы түсініктің нақты көрінісіне куә боламыз.

Нұрия есімді өзінің ғашығынан қапияда айырылып қалған Биғабыл сол сүйіктісін қандай жағдайда жүрсе де, ұмытар емес. Жүрегін жаулаған асыл бейнені кейде қиялдап та кететіні сондықтан. Өстіп жүрген заманда сол сүйіктісіне ұқсайтын тағы бір бойжеткен ұшырасып, жүрегінің дір ете қалуы махаббат деген сезімнің қандай жағдайда да өшпейтіндігінің бір кезекті көрінісі болса керек.

